

Получена: 24 Апреля 2024 / Принята: 15 Сентября 2024 / Опубликована online: 30 Декабря 2024

DOI 10.34689/SN.2024.26.6.022



ӘӨЖ 61:378

## **ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ. ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.**

**Ұлпан Е. Қуандық<sup>1</sup>,** <https://orcid.org/0000-0002-3849-6107>

**Алua O. Омарова<sup>1</sup>,** <https://orcid.org/0000-0002-2087-3824>

<sup>1</sup> «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

**Кіріспе.** Мектеп оқушыларының тиісті гигиеналық білімдері мен дағдылары балалар арасында жұқпалы аурулардың дәнгейін төмендету үшін ете маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйымының мәліметтері бойынша, балалар ересектермен салыстырғанда қауіп факторларына осал, осы осалдыққа байланысты мектептерде тиісті сумен жабдықтау, санитария және гигиена қызметтерінің болуы ерекше маңызға ие. Мектеп ортасындағы су, санитария және гигиена қызметтерінің жеткіліксіздігі денсаулық сақтау және білім беру нәтижелеріне тікелей немесе жанама әсер етеді.

Мектептер су, санитария және гигиенаға қатысты білім мен өмірлік дағдыларды үйретуде маңызды рөл атқарады. Алайда, көптеген зерттеулер көрсеткендегі, мектептерінде гигиена және гигиеналық құралдарды ұстау бойынша оқу материалдарының болуы және қол жетімділігі, балалардың бейімділік факторларымен, гигиеналық құралдарды пайдалану мен қызмет көрсетуге деген білім мен көзқарасымен байланысты болды. Себебі балаларға мектеп бағдарламасында өмірлік дағдыларды үйретуге қүшайту мен көзқарас жетіспеген. Сондықтан осы жұмыста жалпы орта білім беру мекемелері жағдайында оқушылардың гигиеналық мәдениетін зерттеуге арналған әдебиеттерге шолу жүргізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, сонымен қатар олардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру саласындағы жалпы орта білім беру мекемелері қызметінің халықаралық және отандық тәжірибелеріне талдау жүргізу.

**Іздеу стратегиясы:** Әдебиеттерге шолуды жүргізу үшін UpToDate, BMJ, PubMed, Scopus, Wiley, Medline, Web of science, Cyberleninka, Google Scholar сияқты бірқатар дереккөрларда мұқият дереккөзді іздеу жүргізілді. Зерттеу 2017-2023 жылдар аралығында ағылшын тілінде жарияланған жарияланымдары мен Қазақстан Республикасы халықының денсаулығы және денсаулық сақтау үйымдарының қызметі туралы жыл сайынғы статистикалық жинақтарын қамтыды.

**Нәтижелер мен қорытынды.** Біз жүргізген әдебиеттік шолу барысында, мектеп оқушыларының әр түрлі арапасудың жиынтығының нәтижесінде: жалпы орта білім беру мекемелер, оқу бағдарламалар, ата-ана, қоршаған орта, әлеуметтік жағдай, гигиеналық құралдардың болуы және тағы басқа факторлардың әсері дұрыс гигиеналық дағыларын қалыптастыру үшін маңызды рөл атқаратынына көз жеткіздік. Осылайша, жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, гигиеналық білімді, оқушылар арасындағы қарым-қатынас пен мінез-құлышты өлшеу, денсаулықты нығайту саласындағы үсінімдар, оқу бағдарламалары мен факультативті курстардың материалдары өз кезегінде білімді жақсартуға, қате түсініктерді түзетуге, дұрыс көзқарасты қалыптастыруға және мінез-құлышты нығайтуға, сондай-ақ паразиттік немесе жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеудің бастамасы болып табылады.

**Түйінді сездер:** білім, қарым қатынас, мінез құлыш, гигиеналық дағдылар.

### Summary

## **HYGIENIC CULTURE OF STUDENTS IN THE CONDITIONS OF SECONDARY EDUCATIONAL INSTITUTIONS. LITERATURE REVIEW.**

**Ұлпан Е. Қуандық<sup>1</sup>,** <https://orcid.org/0000-0002-3849-6107>

**Alua O. Omarova<sup>1</sup>,** <https://orcid.org/0000-0002-2087-3824>

<sup>1</sup> NJSC «Karaganda Medical University», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

**Introduction.** Appropriate hygiene knowledge and skills of schoolchildren are crucial for reducing the incidence of infectious diseases among children. According to the World Health Organization, children are more vulnerable to risk factors than adults, and because of this vulnerability, the availability of appropriate water, sanitation and hygiene services in schools is of particular importance. Inadequate water, sanitation and hygiene services in the school environment directly or indirectly affect health and education outcomes.

Schools play an important role in teaching knowledge and life skills related to water, sanitation and hygiene. However, numerous studies have shown that the availability and accessibility of educational materials on hygiene and the maintenance

of hygiene products in their schools were associated with predisposing factors in children, their knowledge and attitude to the use and maintenance of hygiene products. This is due to the fact that children lacked reinforcement and an approach to learning life skills in the school curriculum. Therefore, conducting a literature review on the topic planned in this work is an urgent scientific direction.

**Aim:** to analyze the international and domestic experience of secondary educational institutions in the field of preserving and strengthening the health of students, as well as the formation of their hygiene skills.

**Search strategy:** to conduct a literature review, a thorough search of sources was conducted in a number of databases, such as UpToDate, BMJ, PubMed, Scopus, Wiley, Medline, Web of science, Cyberleninka, Google Scholar. This search included studies in English published over 6 years (2017-2023), and annual statistical collections on the health of the population and the activities of healthcare organizations in the Republic of Kazakhstan.

**Results and conclusions.** In our literature review, we have seen that as a result of a combination of various interventions in schoolchildren: institutions of general secondary education, curricula, parenting, environment, social situation, availability of hygiene products and other factors play an important role in the formation of proper hygiene skills. Thus, as the international and domestic experience of general secondary education institutions in the field of protecting and strengthening the health of students, the formation of their hygienic skills, the measurement of hygienic knowledge, communication and behavior among students, recommendations in the field of health promotion, curricula and materials of elective courses, in turn, are the beginning for the development of programs, aimed at improving knowledge, correcting misconceptions, forming the right attitude and consolidating behavior, as well as the prevention of parasitic or infectious diseases.

**Keywords:** knowledge, sociability, behavior, hygiene skills.

#### Резюме

## ГИГИЕНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ СРЕДНИХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ. ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР.

**Ұлпан Е. Қуандық<sup>1</sup>,** <https://orcid.org/0000-0002-3849-6107>

**Алха О. Омарова<sup>1</sup>,** <https://orcid.org/0000-0002-2087-3824>

<sup>1</sup> НАО «Медицинский университет Караганда», г. Караганда, Республика Казахстан

**Введение.** Соответствующие гигиенические знания и навыки школьников имеют решающее значение для снижения уровня инфекционных заболеваний среди детей. По данным Всемирной организации здравоохранения, дети более уязвимы к факторам риска по сравнению со взрослыми, из-за этой уязвимости особое значение имеет наличие соответствующих служб водоснабжения, санитарии и гигиены в школах. Неадекватные услуги по водоснабжению, санитарии и гигиене в школьной среде прямо или косвенно влияют на результаты здравоохранения и образования.

Школы играют важную роль в обучении знаниям и жизненным навыкам, связанным с водой, санитарией и гигиеной. Однако многочисленные исследования показали, что наличие и доступность учебных материалов по гигиене и содержанию гигиенических средств в их школах были связаны с предрасполагающими факторами у детей, их знаниями и отношением к использованию и обслуживанию гигиенических средств. Это связано с тем, что детям не хватало подкрепления и подхода к обучению жизненным навыкам в школьной программе. Поэтому проведение обзора литературы на планируемую в данной работе тему является актуальным научным направлением.

**Цель:** проанализировать международный и отечественный опыт деятельности средних общеобразовательных учреждений в области сохранения и укрепления здоровья учащихся, а также формирования у них гигиенических навыков.

**Стратегия поиска:** Для проведения обзора литературы был проведен тщательный поиск источников в ряде баз данных, таких как UpToDate, BMJ, PubMed, Scopus, Wiley, Medline, Web of science, Cyberleninka, Google Scholar. Этот поиск включал исследования на английском языке, опубликованные в течение 6 лет (2017-2023), и ежегодные статистические сборники о здоровье населения и деятельности организаций здравоохранения Республики Казахстан.

**Результаты и выводы.** В проведенном нами литературном обзоре мы убедились, что в результате совокупности различных вмешательств у школьников: общеобразовательные учреждения, учебные программы, воспитание детей, окружающая среда, социальная обстановка, наличие гигиенических средств и другие факторы играют важную роль в формировании правильных гигиенических навыков. Таким образом, как показывает международный и отечественный опыт деятельности средних общеобразовательных учреждений в области охраны и укрепления здоровья учащихся, формирования их гигиенических навыков, измерение гигиенических знаний, общения и поведения среди учащихся, рекомендации в области укрепления здоровья, учебные программы и материалы факультативных курсов, в свою очередь, являются началом для разработки программ, направленные на улучшение знаний, коррекцию заблуждений, формирование правильного отношения и закрепление поведения, а также профилактику паразитарных или инфекционных заболеваний.

**Ключевые слова:** знания, коммуникабельность, поведение, гигиенические навыки.

**Дәйексөз үшін / For citation / Для цитирования:**

Қуандық Ұ.Е., Омарова А.О. Жалпы орта білім беру мекемелері жағдайында оқушылардың гигиеналық мәдениеті. Әдебиетке шолу // Ғылым және Денсаулық сақтау. 2024. Т.26 (6). Б. 196-210. doi 10.34689/SN.2024.26.6.022

Kuandyk U.E., Omarova A.O. Hygienic culture of students in the conditions of secondary educational institutions. Literature review // Nauka i Zdravookhranenie [Science & Healthcare]. 2024. Vol.26 (6), pp. 196-210. doi 10.34689/SN.2024.26.6.022

Қуандық Ұ.Е., Омарова А.О. Гигиеническая культура учащихся в условиях средних общеобразовательных учреждений. Обзор литературы // Наука и Здравоохранение. 2024. Т.26 (6). С. 196-210. doi 10.34689/SN.2024.26.6.022

**Кіріспе**

Мектеп оқушыларының тиісті гигиеналық білімдері мен дағдылары балалар арасында жүқпалы аурулардың деңгейін тәмендету үшін өте маңызды [30]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімінің (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, балалар ересектермен салыстырғанда қауіп факторларына осал [76], осы осалдыққа байланысты мектептерде тиісті сумен жабдықтау, санитария және гигиена қызметтерінің болуы ерекше маңызға ие. Мектеп ортасындағы су, санитария және гигиена қызметтерінің жеткіліксіздігі денсаулық сақтау және білім беру нәтижелеріне тікелей немесе жанама әсер етеді [59].

Мектептер су, санитария және гигиенаға қатысты білім мен өмірлік дағдыларды үйретуде маңызды рөл атқарады. Алайда, Африканың оңтүстік маңындағы мектептерінде гигиена және гигиеналық құралдарды үстая бойынша оқу материалдарының болуы және қол жетімділігі, балалардың бейімділік факторларымен, гигиеналық құралдарды пайдалану мен қызмет көрсетуге деген білім мен көзқарасымен байланысты болды. Себебі балаларға мектеп бағдарламасында өмірлік дағдыларды үйретуге қүшешту мен көзқарас жетіспеген [16]. Сонымен қатар, көптеген әдептер балалық шақта қалыптасады, ол ересек жасқа дейін сақталуы мүмкін [26,42]. Сондықтан осы жұмыста жалпы орта білім беру мекемелері жағдайында оқушылардың гигиеналық мәдениетін зерттеуге арналған әдебиеттерге шолу жүргізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, сонымен қатар олардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру саласындағы жалпы орта білім беру мекемелері қызметінің халықаралық және отандық тәжірибелеріне талдау жүргізу.

**Іздеу стратегиясы:** Әдебиеттерге шолуды жүргізу үшін UpToDate, BMJ, PubMed, Scopus, Wiley, Medline,

Web of science, Cyberleninka, Google Scholar сияқты бірқатар дереккөрларда мұқият дереккөзді іздеу жүргізілді. Зерттеу 2017-2023 жылдар аралығында ағылшын тілінде жарияланған жарияланымдары мен Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау үйімдарының қызметі туралы жыл сайынғы статистикалық жинақтарын қамтыды. Осы тақырып бойынша 199 шамасында жарияланымдар анықталды. Олардың ішінде біздің зерттеуіміздің мақсатына 22 мақала сәйкес келді (Сурет 1).

**Қосу критерийлері:** мета-талдаулар, жүйелі шолупар, когорттық және көлденен зерттеулер. **Шығару критерийлері:** қысқаша есептер, газет мақалалары және жеке хабарламалар. Саралай жасау үшін басылымдарды іріктеу алгоритмі тәмендегі 1 суретте ұсынылды.

**Нәтижелер.**

**Дүниежүзіндегі мектеп оқушыларының жүқпалы және паразитарлы аурулармен сырқаттануышылығы.**

Жеке гигиена - салауатты өмір салтын насиҳаттауда маңызды рөл атқарады [30] және денсаулығы сақтауға, аурулардың, әсіресе жүқпалы аурулардың таралуын болдырмауға ықпал етеді [33,34,58,63].

Ішек паразиттері - сумен жабдықтау, санитария және гигиена үшін тиісті жағдайлар жоқ табысы тәмен және орташа елдердегі мектеп оқушыларының денсаулығына әсер ететін негізгі қоғамдық денсаулық мәселе [9]. Сумен жабдықтау, санитария және гигиенаның COVID-19-бен қарасуында маңызды шаралардың бірі ретінде – қолды жиі және дұрыс жууды қамтамасыз ету арқылы жақсы гигиеналық мінезд-құлықты қалыптастыру негізінде жүргізілді [22,49].

Оқыту - балалардағы қол гигиенасын жақсартудың ең көп қолданылатын стратегияларының бірі болып табылады [17,36].

**Барлық деректер қоры бойынша табылған мақалалар (n=199)**

**Мектеп оқушыларының гигиеналық білімі, қарым-қатынасы және мінезд-құлық туралы ықтимал мақалалар (n=86)**

**Аннотация бойынша өзекті емес мақалалар (n=64) шығарылды**

**Талдауға енген мақалалар n=22**

**Сурет 1. Талдау жасау үшін мақалаларды іріктеу алгоритмі.**  
(Figure 1. Algorithm for selecting articles for analysis).

Андреева Н.А. «гигиеналық тәрбие»-ні «жалпы тәрбиенің бөлігі», ал «гигиеналық дағдылар»-ды «мәдени мінез-құлықтың ажырамас бөлігі» ретінде анықтайды [1].

Соңғы жылдары біздің елімізде және шет ел мемлекеттерінде білім беру мекемелерінде оқытын балалардың, жасөспірімдер мен жастардың денсаулығының нашарлауының айқын үрдісі анықталды. Эр түрлі авторлардың пікірінше, дүниежүзінде дені сау мектеп оқушыларының көрсеткіші тек 14–23% болса, балалардың 50% жуығында функционалдық ауытқулар бар болса, ал қалған оқушыларда созылмалы аурулармен иемделген. Медициналық тексерулердің нәтижелері бойынша, мектепте оқу кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы айтартылғатай нашарлайтынын көрсетеді [4].

Для сообществ и школ жизненно важно иметь возможность защитить себя от различных инфекционных заболеваний, таких как диарея [60,68,71]. Қолды дұрыс жуу диарея қаупін 42-48% тәмендегі мүмкін [38]. Осыған байланысты, диарея, тери аурулары, паразиттік инфекциялар көбінесе жеке гигиенаны сақтамаумен байланысты [30]. 267 миллионнан астам мектеп жасына дейінгі балалар мен 568 миллион мектеп жасындағы балалар ішек паразиттік инфекцияларының негізгі себебі болып табылатын топырақ арқылы берілетін гельминттер эндемиялық болып табылатын жерлерде тұрады [77]. Әлемде екі миллиардан астам адам ішек паразиттік инфекцияларынан зардал шегеді, шамамен 4,5 миллиард адам қаупінде тобына жатса, олардың 300 миллионы ауыр сырқаттанушылықтан зардал шегеді [25]. ДДСҰ паразиттік инфекциялардың 95%-дан астамы кедейлік, табыстың тәмендігі, хабардарлықтың жеткіліксіздігі, сауатсызық, ашық дәрет алу тәжірибесі, ластанған ауыз суды тұтыну, сондай-ақ нашар гигиеналық дағдылар, мысалы, дәретханаға барғаннан кейін немесе тамақты ұстамас бұрын қолды жуу және т.б. [66].

Непал мен Иракта жүргізілген екі зерттеуге қолдау көрсетілді. Олар оқушылардың көшілігі 94% инфекциялардың алдын алу үшін жеке гигиена мен қолды жуудың маңыздылығын түсінетінін көрсетті [54].

Еуропа елдерінде жүргізілген зерттеулер көрсеткендегі, балаларда ішек паразиттік инфекцияларының таралуы 5,9% құрайды [29]. Африка елдерінде, соның ішінде Эфиопия мен Нигерияда ішек паразиттік инфекцияларымен ауыратын балаларда психикалық және физикалық дамуы баяу [14]. Бұл инфекциялар балалардың денсаулығына әсерін тигізіп ғана қоймай, олардың білім алу мүмкіндіктерінің тәмендегіне әкеледі [75]. Сондай-ақ, Дебре Берхан қаласындағы зерттеулерде мектеп оқушылары арасында ішек паразиттік инфекцияларының жоғары таралуы анықталды, сондықтан қорытындыларда барлық мұдделі тараптар қоршаған ортандың жақсаруына, жеке гигиена, әдет және мәдениет туралы

хабардарлықты арттыруға байланысты қауіп факторларына назар аударуы керек екенін көрсетті [24].

**Қазақстан Республикасындағы балалардың жұқпалы және паразитарлы аурулармен сырқаттанушылығы.**

2020-2022 жылдардағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жылдық статистикалық жинағы мәліметтеріне сүйенсек [2,3], Қазақстан Республикасындағы барлық аймақтарында 0-14 жас аралығындағы балалардың жұқпалы және паразитарлы аурулардың таралуы 3 жыл ішінде ең жоғары дәңгейде Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында және Алматы қаласы әкімшілігінде сипатталды. Осыған сәйкес, 15-17 жас аралығындағы балалар арасында жұқпалы және паразитарлы аурулардың таралуы Қостанай, Жамбыл, Павлодар облыстарында және Астана мен Алматы қаласы әкімшілігінде айқын бейнеленген (Сурет 2).

Жұқпалы және паразитарлы аурулардың дамуының жағымсыз тенденцияларын ескере отырып, балалар арасындағы жағдайды бақылауда ұстап, бұл сырқаттанушылықтың таралуын болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдау қажет [31]. Осы себептен, мектеп оқушыларының гигиеналық білімі, қарым-қатынасы және мінез-құлықты бағалау өте маңызды факторлардың бірі болып табылады.

**Мектеп оқушыларының гигиеналық дағдыларына әсер ететін факторлар.**

Қол гигиенасы – жұқпалы аурулардың таралуын болдырмаудың маңызды шараларының бірі [15,37,41,45,50,70,78].

Қол гигиенасын дұрыс түсіну - пайдалы гигиеналық мінез-құлыққа ықпал ететіні дәлелденді [64]. Балалардың денсаулығы мен гигиенасы оқу үлгеріміне де, мектепке барудың жүйелілігіне де тікелей әсер етеді [44,69,75].

Мектеп балалары, әсіресе жасөспірімдер, білімнің негізгі тасымалдаушысы болып саналады, олар әдетте алған білімдерін мектептен үйлеріне және қоғамдастықтарына жеткізеді [18]. Мектеп салауатты өмір салтын дамытудың тиімді мекемесі ретінде қарастырылады [53,55] және санитарлық ағарту және халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шараларды еткізу орны ретінде де [52].


Балалардың гигиенаса дұрыс көзқарасын қалыптастырудың мүғалімдер мен ата-аналар маңызды рөл атқарады [11]. Осылайша, дұрыс әдеттер мен мінез-құлықтарды үйренетін балалар денсаулыққа «өмір бойы» салауатты көзқарасты қамтамасыз етеді [5].

Мектептегі санитарлық-гигиеналық қызметтерді жақсартуға бағытталған барлық күш-жігерге қарамастан, дамушы елдерде, әсіресе Сахараның оңтүстігіндегі Африкада қолды дұрыс жуу тәжірибесі төмен дәңгейде қалып отыр [20,28,62].

Орталық Америкадағы Гватемала қаласында Білім және Денсаулық сақтау министрлігі әрбір мектептегі бір сыныпқа кемінде сабын немесе қолды


өндөуге арналған құрамында спирті бар құралдар болуын талап етті. Дегенмен, қол гигиенасы құралдарының болуына қарамастан, бастауыш сынып оқушыларының дұрыс қол гигиенасы тәжірибесімен

қолданбайтынын көрсетті [51]. Эфиопияда жүргізілген кросс-зерттеуде бастауыш сынып оқушыларының үштен бірі ғана дұрыс қол гигиенасы тәжірибесімен айналысатыны анықталды [10].



■ 0-14 ■ 15-17

а) 2020 жыл.



■ 0-14 ■ 15-17

б) 2021 жыл.



■ 0-14 ■ 15-17

в) 2022 жыл.

Сурет 2. 2020-2022 жылдарда 0-14 пен 15-17 жас аралығындағы балалардың жұқпалы және паразитарлы аурулары (тиісті халықты 100 000 адамға шаққанда, өмірінде алғаш тіркелген аурулардың саны).

Figure 2. Infectious and parasitic diseases of children aged 0-14 to 15-17 years in 2020-2022 (the number of first recorded diseases in a lifetime, per 100,000 people of the corresponding population).

Осыған байланысты, табысы төмен және орташа елдерде мектептегі араласуды қолдана отырып, диареяны түсінү және алдын алу үшін білім, қарым-қатынас және тәжірибе бойынша зерттеупер жүргізілді [39].

Гигиеналық дағдылар мінез-құлышты, мәдениетті және инфрақұрылымды өзгертуді қажет етуі мүмкін,

оған жету үшін уақыт қажет [19]. Кешенді гигиеналық мінез-құлышты жақсарту профилактикалық іс-шаралардың ажырамас бөлігі болуы керек екенін мойындау өсуде, бірақ гигиенаны насиҳаттаудың әртүрлі тәсілдерінің тиімділігі әлі анықтау үстінде [16].



Осылайша, адамдар білім, қарым-қатынас және практика теориясы арқылы «денсаулық» туралы білім алу көзқарастарын қалыптастыру арқылы салауатты мінез-құлқыты дамыта алады. Сондықтан гигиеналық білім, қарым-қатынас және мінез-құлқы туралы білім мен хабардарлықты арттыруға назар аудару қажет [79]. Гигиеналық дағдылар: білім, қарым-қатынас және мінез-құлқы туралы анықтама 3 суретте ұсынылды.

Білім, көзқарас және мінез-құлқы мектептердегі оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады [61], біз жүргізген әдебиеттік шолу нәтижелері бойынша 22 мақаланың ішінен 90%-ы: мектеп оқушыларының гигиеналық дағдыларының тәрбиеленуіне олардың білімі, қарым-қатынасы және гигиеналық мінез-құлқындағы өзгерістер бір-бірімен байланысты туралы хабарлады. Әр түрлі авторлардың зерттеу мақалалары 1 кестеде көрсетілген.

#### Кесте 1.

#### Әр түрлі авторлардың зерттелген басылымдарының сипаттамасы.

(Table 1. Description of the studied publications by various authors).

Авторлар	Ел / Аймақ	Арапасудың сипаттамасы	Оқушылардың гигиеналық білімі, қарым-қатынасы және мінез-құлқы сипаттамасы	Қорытынды
1	2	3	4	5
Элиза Гровер, Роберт Драйбельбис және т.б. [23].	Бангладеш	Кластерлік рандомизацияцияланған сынақта Бангладеш ауылдық жерлеріндегі бастауыш сынып оқушылары арасында дәретханаға барғаннан кейін сабынмен қолды жуу жиілігін салыстырылды. Мемлекеттік мектеп, кәрізі жоқ және сумен жабдықтау деңгейі нашар 450-ден аз оқушылар оқытын мектеп тандалды. Төрт арапасу тобы құрылды: бір ретте арапасу, бір мезгілде арапасу, ретімен оқыту және бір мезгілде оқыту. Бағалау көрсеткіштер бойынша (1) әлеуметтік (сауалнама); (2) бақылау (видеобақылау); (3) инструменталды зерттеу (қолды сабынмен жуу) арқылы жүргізілді.	Қол жууға арналған арнайы орындардың болуы көрсеткіштерінің жақсаруымен байланысты болды.	Бұл зерттеу жұмысы 5 айдан кейінгі арапасудың қолды жуу мінез-құлқының тұрақты жақсарғанын көрсетеді. Жоғары қарқынды гигиеналық білім беру арапасудың салыстыруға болатын арапасудың тиімділігі жігерлендіреді.

1	2	3	4	5
Мишель Питерс және т.б. [48].	Гватемала	6 мектептің 109 оқушысынан сұхбат алынды. Тамақтану алдында, дәретхананы пайдаланғаннан кейін және мектепке келген кезде қолданыластануын өлшеуге арналған «Сандық жеке гигиенаны бағалау құралы» пайдаланды.	Балалардың гигиеналық білімі 5-тен 4-ті, қарым-қатынас үшін 8-ден 8-ді және қол гигиенасы практикасы үшін 7-ден 6-ны үпайлық көрсеткішін құрады.	Оқушылардың қол гигиенасына деген көзқарасы мен өзін-өзі бағалауы он болды, бұл олардың денсаулығына саналы мінезд-құлышты насиҳаттаудың перспективалы негізін көрсетті.
Вита Видьясари және т.б. [74].	Индонезия (Джокьякарте)	Қатысуышылар ретінде 452 бастауыш сыйып оқушылары қабылданды. Оқушылардың білімін, мінезд-құлышын және нәтижелерін жалпы жақсартуға оқыту араласуының әсері бейне интервенция, постер, парақшаға араласу арқылы анықталды.	Осы зерттеуде қолданылған бұқаралық ақпарат құралдарының (бейне интервенция, постер, парақша) барлық түрлері білім мен жеке мінезд-құлышты едәуір жақсартты. Алайда, парақшаларға үл балалар арасындағы үй-жайлардың гигиенасын едәуір жақсартты.	Оқу іс-шарасы сапалы зерттеу нәтижелері негізінде исламдық түрғыдан арналы әзірленгенімен, мектептегі гигиеналық оқыту гигиена мен жеке мінезд-құлыштың маңыздылығы туралы білімді жақсартуда тиімді болды.
Г. Тортора және т.б. [67].	Милан	Миландағы орта мектепте оқытын 829 оқушы (350 ұл және 479 қызы) балалар) арасында жүргізілген кросс-зерттеу. Бағалау көрсеткіштер бойынша балалар арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама да: интеграция, мәдениет, жұмыс және ауыз қуысының гигиенасы сияқты төрт тақырып бойынша қамтыды.	Балалардың арасындағы жалпы үлгінің кем дегендеге 80% - ы диета мен жаман әдettердің (темекі шегу, алкоголь және есірткі) ауыз қуысының күйіне әсері туралы біледі.	Италияндық мектеп оқушылары әдетте ауыз қуысының жаман әдettерінің қаупін біледі, бірақ ауыз қуысының гигиенасы тәжірибесін жақсартуға назар аудара отырып, ауыз қуысының гигиенасы бойынша білімді, көзқарасты және тәжірибелі жақсарту қажет.
Вит Вичайдит, Павани К. Рам және т.б. [73].	Кения	Кластерлік рандомизацияланған сыйақта кездейсоқ, 30 мектептің таңдалды. Арапасуға сабын мен шаюға арналған суды тарататын қол жууға арналған станцияның жаңа түрі «Rovi Roa» қондырғысы орнатылды.	Жабдық пен мінезд-құлышқа арапасудың қол жууға арналған құралдардың колжетімділігін арттыруды және балалар арасында дәретханаға барғаннан кейін қол жуу ережелерін сақтауды жақсартты, бірақ қолды сабынмен жуу әлі де сирек болды.	Қол жуу орындарында су мен сабынның болуы және дәретханаға барғаннан кейін байқалған қол жуу арапасудан бұрынғыға қарғанда айтартықтай жоғары болды.
Хайцзин Кристал Хуан және т.б. [27].	Филиппины	Кластерлік рандомизацияланған бақыланатын сыйақта 132 мектептің қамтыды. Бұл зерттеуде тестілік қондырғылардан мұғалімдер оқушылардың сұхбаттардан (респонденттердің жаяу жүргіншілер жолымен мен плакат суреттерімен арапасу) тұрды.	Оқушылар да, мұғалімдер де итермелеймен шектеулік қарым-қатынаста болды. Мұғалімдердің кейбір оқушылар жаяу жүргіншілер мен жеке жолымен (дәретханаға барғаннан кейін қол жуатын орын) журді. Мектеп мұғалімдері ай сайын ілүлі тұрған плакатты ауыстыруды; тротуардан қабыршақтанған бояуды алып тастады. Жалпы, сауалнамаға қатысқан директорлардың, мұғалімдер мен оқушылардың көпшілігі итермелейге ынталы болды.	Талдау көрсеткендей, зерттеуде сабыны бар сыйынтарда оқушылардың қолдарын сабынмен жууға шақырды және мұғалімдерді сабын жоқ жерлерге сабын қоюды ынталандырыды. Бұл нәтижелер қолды сабынмен жуу арапасудан 4 ай өткен соң бір мектепке мінезд-құлышы айтартықтай өсүіне әкелді.

1	2	3	4	5
Ана Мария Перес Пико, Эстер Мингоранс Альварес және т.б. [47].	Экстемадура	Қатысушылар қатарына 8 жастан 11 жасқа дейінгі 125 окушы кірді. Женілдік мектебіндегі оқытын балаларға қаралғайым мектепте оқытын балаларға қарағанда аз көмек қажет, бірақ, жеке гигиена туралы білімдері аз. Топтар арасында тәуліктің жиілігі мен уақытына жеке гигиенаны сақтауға қатысты әртүргі әдептер байқалды.	Қатысқан балалардың көпшілігі жеке гигиена шараларын орындауға көмекке мұқтаж болды.	8-11 жас аралығындағы балалардың 80%-дан астамы жеке гигиенаның кез келген аспектінде дербестікке ие емес және олардың барлығы жеке гигиена ережелерімен таныс емес.
Руби Хатун, Дж.П. Шриавастава және т.б. [30].	Лакхнау	Лакхнау округінің 10-12 жас аралығындағы 800 окушылары арасында кросс-сипаттамалық зерттеу жүргізілді. Окушылар арасында құрылымдық сауалнама (алдын ала тестілеу) арқылы сұхбат алды. Проектор арқылы жеке гигиенаны сақтаудың артықшылықтарын түсіндіретін жақсы және жаман жеке гигиена туралы көрнекі бейнені көрсетті. Тағы да құрылымдық сауалнама (посттест) ұсынылды.	Диарея кезінде аз тамақ жеу туралы білім студенттердің 80% -да он болды. Окушылардың тек 12,5% - ы диарея балаларды өлтіріу мүмкін екенін мойындағы (алдын ала тестілеу), ал балалардың 100% - ы (тесттен кейінгі) бұл фактін білді.	Алдын ала тестілеу кезінде окушылар арасындағы жеке гигиена білімі мен тәжірибесінің жалпы тенденциясы нашар жағдайда болды. Тестілеуден кейінгі нәтижелер қанағаттанарлық болды.
Омми Мушота және т.б.[43].	Удджайн	Бұл зерттеуде кластерлік іріктемемен интервенцияға дейінгі 8-12 жас аралығындағы 1781 окушы арасында жүргізілді. Білім беру іс-шарасы шамамен 60 минуттық практикалық сабакты қамтыды, оған флип-диаграмма және Microsoft Power Point презентациясындағы сәйкес иллюстрациялар мен суреттер студенттерге су, санитария, гигиена мен байланысты хабарламаларды жіберуге арналған. Оқу модулі балалардың диареясына қатысты «балаларды құтқару» қауымдастырының араласу модуліне негізделген [56].	Араласуға дейін тек бірнеше студенттердиареяны емдеумен, диарея кезінде мырыш таблеткаларын қолданумен және балалардағы ауыр диарея белгілерімен таныс болды. Араласудан кейін бұл көрсеткіш өсті.	Орта мектеп окушылары арасында су, санитария, гигиена және диареяға қатысты білім беру араласуынан кейін есті.
Генриетта Льюис және т.б. [35].	Бихара	Зерттеу үш кезеңге жоспарланған: 1) рандомизация; 2) мінез-құлыштың өзгеруін бағалау; 3) денсаулыққа әсерін бағалау. Тиісті мектептері бар барлық ауылдар араласу топтарына (169 ауыл) немесе бақылау тобына ( $N = 170$ ауыл) рандомизацияланды. «Lifebuoy» бактерияға қарсы сабынына негізделген «Unilever's school 5» бағдарламасы Бихар штатында кем дегендеге тоғыз миллион окушыға жетуғе бағытталған.	Мектепке баратын аналар мен балаларда 636 мақсатты оқығаны (араласу тобында 297 және бақылау тобында 339) алынды. Араласу мен бақылаудың айырмашылығы аналар мен балалар үшін бірдей болды. Балалардың басқа топтарына араласудың әсері туралы ешқандай дәлел болған жоқ.	Мектеп окушылары мен олардың аналарының қолын сабынмен жууға «School 5» араласуының денсаулыққа тиғизетін әсері туралы ешқандай дәлел жоқ.

1	2	3	4	5
Мунгунтуул Энхбат және т.б. [21].	Ұланбатыр	Бұл зерттеуге мемлекеттік мектептерде оқыған бесінші сыныптағы 1507 оқушы қатысты. Бағалау көрсеткіштер бойынша (1) әлеуметтік (сауалнама); (2) гигиеналық білім беру сабағы арқылы жүргізілді.	Оқушылардың қолын жуу тәжірибесі айтарлықтай төмен (50,1%) екенін көрсетеді. Ер жынысты, отбасындағы балалар саны және мектепте қол жууға арналған құралдардың болуы қол жуудың нашар тәжірибесіне байланысты факторлар болды. Мектепте қол жуу жаттығуларының негізгі кедергісі-жабдықтар мен сабындардың жеткіліксіздігі. Біздің зерттеуімізде балалардың 76,6%-ы қол жуу туралы білім беру курстарына қатысты; дегенмен, олардың жартысы қол жуу тәжірибесінің жеткіліксіздігі туралы хабарлады.	Бұл зерттеуде оқушылардың қолын жуу тәжірибесі айтарлықтай төмен. Мектепте қолды үнемі жууға кедергі келтіретін негізгі факторлар қол жууға арналған өнімдер мен сабындардың жеткіліксіздігі болды. Сондықтан бастауыш сынып оқушылары үшін қол жуу және инновациялық және бірлескен білім беру нысандарын ілгерілету басымдыққа айналуы тиіс.
Ю-Ә Ча, Вэй Яо және т.б. [12].	Гүйчжоу	Зерттеуге 2330 оқушы қатысты. Сауалнама арқылы оқушылардың гигиеналық білімі, қарым-қатынасы және мінез-құлқы бойынша диареяның алдын алуға болатыны жөнінде анықталды.	Қол жууға және ауыз суға арналған құралдардың болуы, сондай-ақ мектептердегі дәретханалардың жағдайы оқушылардың диареяға шалдығу қаупін анықтайдын манызды факторлар болып табылады.	Бұл зерттеу статистикалық манызды 11 гигиеналық факторларды анықтады, яғни жақсы гигиена ережелері диарея сияқты жұқпалы аурулардың алдын алушың кілті болып табылады. Жеке гигиена, жалпы гигиена және мектеп санитариясын қадағалау оқушылар арасында диареяның таралуын тудыратын үш негізгі қауіп факторы болып табылады.
Мунтири Алмуслем және т.б. [7].	Сауд Арабия	Зерттеуге барлығы 271 бастауыш, орта және орта мектеп оқушылары қатысты. Сауалнамада оқушылардың ата-аналарының білімі және оқушылардың әлеуметтік-демографиялық, сипаттамалары, гигиеналық сұрақтар қамтылды.	Оқушылардың шамамен 75%-ы ата-аналарынан қол гигиенасы ережелерін үйренеді; бұл күтілген нәтиже болды, өйткені зерттеу орнындағы оқушылар жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебеге ие.	Оқушылардың 80% - дан астамында қол гигиенасы туралы хабарларлық деңгейі жоғары болды. Оқушылардың әкелерінің, білім деңгейіне қарағанда, олардың аналарының білім деңгейі мен оқушылардың жас аралығы, қол гигиенасы практикасы мен мінез-құлқына айтарлықтай әсер ететіні анықталды.
Хасан Валли және т.б. [72].	Филиппин	Бұл зерттеуде балаларға жеке гигиена мен деңсаулық арасындағы байланысты үйрету үшін жаттығулар мен оқу ойындарын қолданатын балалар гигиенасы мен санитариясын өзгерту әдістемесін (CHAST) қолданды.	Су, санитария, гигиена бағдарламасы білімін, гигиеналық мінез-құлқыты, соның ішінде дәретханаға барғаннан кейін қолды жууды жақсартқанын, сондай-ақ диареяға байланысты сабактан қалуды азайтқанын көрсетеді. Оқушылар үй деңгейіндегі өзгерістер агенттері ретінде де рөл атқарған сияқты: өзін-өзі бағалау бойынша, сыни сәттерде қолды жуу интервенциялық мектептердің отбасы мүшеселері арасында едәуір жиі кездеседі.	Бұл мектептің су, санитария, гигиена бағдарламасы мектеп оқушыларының білімі мен гигиеналық мінез-құлқын арттырыды, диареяға байланысты сабактан қалуды қысқартты және отбасы мүшеселері арасында маңызды сәттерде қол жууды арттырыды.

